

ХАТТАМА №1
Қамқоршылық кеңес жиналысының хаттамасы
«№13 Т. Бигелдинов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

23. 08. 2023 ж.

Ораз ата ауылы

Төрағасы: Байболов Рахимбек Адирбекович
Кеңес хатшысы: Удаманов Уалихан Бердиханович
Кеңеске қатысқандар: 9 адам (тізім бойынша)

КҮН ТӨРТБІНДЕ:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелеріне 2023-2024 оқу жылына арналған есеп беру.
2. Оқу бағдарламасын іске асыру нәтижелеріне қол жеткізу өлшемдері мен көрсеткіштері, Кадрлық есеп.
3. Әдістемелік жұмыс *«Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық технологияларының ерекшеліктерін үйрене отырып, мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеру»*
4. 2023-2024 оқу жылында «Мектепке жол» акциясына қатысып, аз қамтылған отбасы балаларына көмек жұмыстарын ұйымдастыру.
5. Жаңа оқу жылында тәрбие жүйесінің 3 бағыты жұмыс жасалуы бойынша есеп.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Жандос Сергеевич Отарин 2023-2024 оқу жылындағы «Оқу бағдарламасын іске асыру нәтижелеріне қол жеткізу өлшемдері мен көрсеткіштері» негізінде атқаратын жұмыстар жайлы атап өтті.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің төрағасы: Байболов Рахимбек Адирбекович Әдістемелік жұмыстың *«Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық технологияларының ерекшеліктерін үйрене отырып, мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтерілуі»* жайында сөз қозғады.

Үшінші мәселе бойынша Оқу бағдарламасын іске асыру нәтижелеріне қол жеткізу өлшемдері мен көрсеткіштері, кадрлық есеп бойынша есеп берілді.

Төртінші мәселе бойынша мектеп директоры Ж. Отарин кеңестің мүшелеріне аз қамтылған отбасы балалар санын анықталып, (оқу –құралдары, киім-кешекпен т.б) көмек берілгендігін айтты. Атап айтсақ: мемлекеттен Асп алатын аз қамтылған отбасы балаларына /37 балаға/ 40500 теңгеден көмек берілді; Демеуші тарапынан аз қамтылған отбасыларынан 10 оқушыға, /450 мың теңге/ мектеп формасы, жылы жемпір, бантик, сөмке, аяқ киімдер берілді. Басқа демеуші тарапынан 3 оқушыға 3 сөмке /қажетті құрал-жабдықтармен/ берілді. Кәсіподақтан 2 оқушыға/20 000 т./ сөмке, құрал-жабдықтарымен берілді. «Ауылдағы ағайынның балаларына» жобасы аясында «Dauletten» қорынан 2 оқушыға сөмке/ құрал-жабдықтарымен сомасы /80 000 т./ берілді.

Бесінші мәселе: Тәрбие жүйесінің 3 бағыты жұмыс жасалуы бойынша таныстырылды.

Сөз сөйлегендер: Ораза ата ауылы «Алтынай» шипажайының массажисті Тулепберген

Сейтжан Тайжанович - 2023-2024 оқу жылында «Оқу бағдарламаны іске асыру нәтижелеріне қол жеткізу өлшемдері мен көрсеткіштерінің есебін бірауыздан құптап,

білім беру жүйесіне жауапкершілікпен қарауға үндеу тастады.


Жеке кәсіпкер Умирбеков Ербол Абилхайырович және зейнеткер Арынова Айжан Ермекбаевна қамқоршылық кеңестің құрамы аз қамтылған отбасы балаларына көмектесуге дайын екендерін айтты.

Қамқоршылық кеңес құрамы мектеп директоры жасаған баяндамасын саралай келс
төмендегідей шешімге келді.

ШЕШІМ:

- 1.1. 2023-2024 оқу жылында «Оқу бағдарламаны іске асыру нәтижелеріне қол жеткізу өлшемдері мен көрсеткіштері» тақырыбында берілген есеп қанағаттандырылсын.
 - 2.2. «Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық технологияларының ерекшеліктерін үйрене отырып, мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеру» жандандырылсын.
 - 2.3. Ата-аналар мен оқушыларға «Мектеп жарғысы» мен «Ішкі тәртіп ережесі» таныстырылсын.
 - 2.4. Қамқоршылық кеңестің бүгінгі отырысындағы мәселе 2032-2024 оқу жылында «Мектепке жол» акциясына қатысып, мектебіміздегі аз қамтылған отбасы балаларына көмек ұйымдастырылсын.
 - 2.5. Оқу жылында аз қамтылған оқушылар анықталып ақшалай қаржы көмек беру ұйымдастырылсын.
 - 2.6. Мектеп директорының бір жылдық берген есебі қанағаттандырылсын.
- Қамқоршылық кеңес мүшелері: /қолы қойылған/

Төраға :
Мүшелері:



Байболов Рахимбек Адирбекович
Тулепбергенов Сейтжан Тайжанович
Арынова Айжан Ермекбаевна
Одаманов Қазыбек Жомартханұлы
Курбанов Жанасбек Тагаевич
Умирбеков Ербол Абилхайырович
Селтанов Ералы Сапарович
Конкаков Абилхан Камбарович
Тайманов Марат Ережепович

Хатшы:



Удаманов Уалихан Бердиханович

ХАТТАМА

Қамқоршылық кеңес жиналысының хаттамасы №2
«№13 Т. Бигелдинов атындағы жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

06.11.2023 ж.

Ораз ата ауылы

Кеңеске қатысқандар:

Төрағасы: Байболов Рахимбек Адирбекович

Кеңес хатшысы: Удаманов Уалихан Бердиханович

Мектеп директоры: Ж.Отарин

Әлеуметтік педагог: А.Дүйсебекова.

ДТЖО: Е.Конкаков.

Педагог-психолог А.Толыбаева.

Кеңес мүшелері: 9 адам.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру жолдары.
2. «Отбасы сағатына» қатысу. Аз қамтылған отбасы жағдайларын бақылау туралы.
3. Түрлі мәселлер.

Тындалды:

Кеңес төрағасы Р.Байболов жиналыстың күн тәртібімен таныстырып, жиалысты ашық деп жариялады. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Ж.Отарин сөз алып, сыбайлас жемқорлық- қазіргі қоғамның өзекті тақырыптарының бірі екендігін айта келе, Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрес-мемлекеттің басым бағыттарының бірі екендігін тілге тиек етті. «ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен «Саналы ұрпақ», «Адал ұрпақ» атты клубтар құрылды. «Адал ұрпақ» клубы біздің мектепте де жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі-сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет-бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Баяндама соңында Ж.Отарин мектеп ұстаздары мен қызметкерлері, оқушылары арасында жоспарлы іс-шаралар жалғасын таба беретінін айтты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі С.Тулепберген баяндады. Баяндамашы мектептің аналар кеңесі мен әкелер кеңесі ұймыдастыратын барлық іс-шаралардың отбасы құндылығын арттырып, бала бойында дұрыс тура жолға бағыттайтын мінез-құлықтың қалыптастыруға ықпалының мол болып жатқандығын айтты. Жас ерекшеліктеріне байланысты ұстаздардың ай сайын өтіп жатқан сабақтарының ата-ана үшін де, бала үшін де құнды екендігін жеткізді. Баяндамашы аз қамтылған отбасына барып, жағдайларын бақылап, керек болған жағдайда көмектің берілуіне тікелей ықпал жасалуда екендігін, ол ата-аналардың мектептегі іс-шараларға да белсеніп атсалысып жүргендігін баяндады. «Мектепке жол» акциясы жағаса беретіндігін айтты.

Жиналыс мектеп, бала, отбасы ынтымақтастығының артуын, мәселелердің он бағытта шешілуін көздейтін түрлі мәселелерді қаузауға ұласты.

Қаулы:

- 1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
- 2.«Мектепке жол» акциясы жалғасын тапсын.
- 3.Ата-аналармен «Отбасы сағаттары» жүйелі ұйымдастырылсын.

Төраға :



Байболов Рахимбек Адирбекович


Мүшелері:




Тулепбергенов Сейтжан Тайжанович



Арынова Айжан Ермекбаевна



Одаманов Қазыбек Жомартханұлы



Курбанов Жанасбек Тагаевич



Умирбеков Ербол Абилхайырович



Селтанов Ералы Сапарович



Конкаков Абилхан Камбарович



Тайманов Марат Ережепович

Хатшы:



Удаманов Уалихан Бердиханович

ХАТТАМА
Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс жиналысының хаттамасы №3

«№13 Т. Бигелдинов атындағы жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

11.12. 2023 ж.

Ораз ата ауылы

Кеңеске қатысқандар:

Төрағасы: Байболов Рахимбек Адирбекович

Кеңес хатшысы: Удаманов Уалихан Бердиханович

Мектеп директоры: Ж.Отарин

ДТЖО: Е.Конкаков.

Әлеуметтік педагог: А.Дүйсебекова.

Педагог-психолог :А.Толыбаева.

Кеңес мүшелері: 9 адам (тізім бойынша)

Күн тәртібінде:

1.«Тәрбие мектебі-отбасы»

2.Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық пен суицидтің, қаңғыбастық пен панасыздықтың, лудоманияның алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру.

3.«Мектепке жол» акциясы.

Тыңдалды:

Жиналыс төрағасы Р.Байболов жиналысты ашып күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.Конкаков бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру,отбасыдағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ата-анаға деген махаббатын ояту мектеп, ұстаз,ата-ана бірлігін нығайту, отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдылық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, үлкенді сыйлауға, сыпайы, ілтипатты болуға тәрбиелеу мақсатында ата-ана , бала, мектеп үштігінің жұмысын жандандыруды ұсынды.Баяндамашы тәрбиенің ең тамаша мектебі- отбасы екендігін өмірлік мысалдармен айшықтап берді.Баяндамадан:«Отбасы-адам баласының түп қазығы, алтын ұясы.Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап сол ортаның ыстық-суығына бейімделіп, ықпалына көніп, отбасыда ер жетеді.Әке-шаңырақ иесі.Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі толығымен ер азаматқа жүктеледі.Әйел-отбасының ұйытқысы.Баланы өсіріп тәрбиелеу -ата-ана міндеті. Бала -әкеден ақыл, анадан мейірім алады.Тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу-отбасы ен мектептен алған үлгі-өнеге жиынтығының жемісі...»

Екінші мәселе бойынша мектеп психологы А.Толыбаева Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық пен суицидтің, қаңғыбастық пен панасыздықтың, лудоманияның алдын алу жұмыстарының метептегі ұйымдастырылуы бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатқандығын айтып, біздің оқушылар арасында өрескел заң бұзушылыққа барып жүрген оқушылар жоқ екендігін мәлімдеді.Бірақ, осы тақырыптар бойынша алдын алу іс-шаралары жүргізіліп,ата-анамен де түсіндіру жұмыстары жүргізілгендігі /тақырыптар бойынша/ баяндалды.Баяндамадан:«Қазіргі уақытта төрткүл дүниеде ата-аналардың және өзге де ересектердің балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсетуі , оларды агрессияға тартуы, кәмелетке толмағандарға жыныстық, эмоционалды және физиологиялық зорлық-зомбылық көрсетулері проблемаға айналып отыр.Осы бағытта біз мектеп инспекторымен,басқа да қоғамдық ұйым өкілдерімен бірлесіп жұмыс атқарып келеміз...»

Үшінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы А.Дүйсебекова демеушілер тарапынан «Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтамасыз етілген 5/ бес/ отбасына азық-түлік берілгендігін айтты. Және бұл іс-шара жыл бойы жалғасын тауып жатқандығынан хабардар етті.


Оқушының аты жөні	Әлеуметтік мәртебесі	Көрсетілген көмек	Азық - түлікпен	Көмек кімнен көрсетілді
Ташпулатовтар	Аз қамтылған ж.ж		Ұн, ет,май,шекер, макарон,күріш, маш	Демеуші тарапынан
Бердібектер	Ата анасы мүгедек отбасы		Ұн, ет,май,шекер, макарон,күріш, маш	Демеуші тарапынан
Қожахметтер	Ата анасы мүгедек отбасы		Ұн, ет,май,шекер, макарон,күріш, маш	Демеуші тарапынан
Мұхамедкалилар	Көпбалалы отбасы		Ұн, ет,май,шекер, макарон,күріш, маш	Демеуші тарапынан
Алшерова	Ата анасы мүгедек отбасы		Ұн, ет,май,шекер, макарон,күріш, маш	Демеуші тарапынан

Жарыссөзге шыққандар бала тәрбиесіне, оның жан-жақты дамуына ата-ананың, мектептің ықпалының ерекше екендігін тілге тиек етіп, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстарға оң баға беріп, осы тірліктердің нәтижелі болуына өз үлестерін тигізетіндігін жеткізді.

Қаулы:

- 1.Отбасы, бала, мектеп жұмысы жандандырылсын.
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары жоспарлы жүргізілсін.
- 3.«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы жалғасын тапсын.

Төраға :
Мүшелері:

 Байболов Рахимбек Адирбекович
 Тулепбергенов Сейтжан Тайжанович
 Арынова Айжан Ермекбаевна
 Одаманов Қазыбек Жомартханұлы
 Курбанов Жанасбек Тагаевич
 Умирбеков Ербол Абилхайырович
 Селтанов Ералы Сапарович
 Конкаков Абилхан Камбарович
 Тайманов Марат Ережепович

Хатшы:

 Удаманов Уалихан Бердиханович

ХАТТАМА

Қамқоршылық кеңес жиналысының хаттамасы
«№13 Т. Бигелдинов атындағы жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

29. 12. 2023 ж.

Ораз ата ауылы

Төрағасы: Байболов Рахимбек Адирбекович

Кеңес хатшысы: Удаманов Уалихан Бердиханович

Кеңеске қатысқандар: 9 адам (тізім бойынша)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2023-2024 оқу жылында атқарылған міндеттердің жартыжылдық есебі
2. 2023-2024 оқу жылының екінші жарты жылдығындағы міндеттер мен жоспарлар.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Жандос Сергеевич Отарин 2023-2024 оқу жылындағы «Оқу бағдарламасын іске асыру нәтижелеріне қол жеткізу өлшемдері мен көрсеткіштері» негізінде атқаратын жұмыстар жайлы айтып, мектептің материалдық-техникалық базасының дамытылып, педагогтер мен өзге жұмыскерлердің еңбек жағдайының жақсартылуын, білім алушыларды тамақтандырудың ұйымдастырылуының жетілдірілуін, спорттық-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру, әлеуметтік-мәдени, білім беру іс-шараларының ойдағыдай өткізілгенін атап өтті. Баяндамашының баяндамасынан: «Мектебімізде жалпы 528 отбасынан 798 оқушы оқиды. Соның 39 ы жартылай жетім, 9-ы аз қамтамасыз етілген /ажырасқан/ отбасындағы балалар; 368- көп балалы отбасынан 528 оқушы оқиды. Ал екі оқушы денсаулығына байланысты үйде оқытылады. Биылғы оқу жылында аз қамтылған отбасы балалар санын анықталып, (оқу –құралдары, киім-кешекпен т.б) көмек берілді. Атап айтсақ: мемлекеттен Асп алатын аз қамтылған отбасы балаларына /37 балаға/ 40 500 теңгеден көмек берілді; Демеуші тарапынан аз қамтылған отбасыларынан 10 оқушыға, /450 мың теңге/ мектеп формасы, жылы жемпір, бантик, сөмке, аяқ киімдер берілді. Басқа демеуші тарапынан 3 оқушыға 3 сөмке /қажетті құрал-жабдықтармен/ берілді. Кәсіподақтан 2 оқушыға /20 000 т./ сөмке, құрал-жабдықтарымен берілді. «Ауылдағы ағайынның балаларына» жобасы аясында «Dauletten» қорынан 2 оқушыға сөмке/ құрал-жабдықтарымен сомасы /80 000 т./ берілді. «Мектепке жол» Республикалық акциясының қорытындысы Facebook желісіне жарияланды. Қыркүйек, қараша айларында мектептің ішкі әжетханаларына демеушілер тарапынан вакуумдық сорғы /су насосы/ 45 000 теңгеден 2 дана \ 90 000 теңгеге\ алынды. Араластырғыш \смеситель\ 7- дана 2000 т- 14000 теңгеге. Аудандық білім бөлімінен келген 30 дана жарық құралдары ауыстырылды. Мектептің оқу сыныптарында жаңадан парталар ауыстырылды.

Аудандық «Әкім шыршасына» мектебімізден толық емес отбасыдан 5 сынып оқушысы Ағайдар Айару барып қайтты. Ол оқушыға әкімшілік тарапынан жаңа жылдық сыйлық тарту етілді. 1-4 сыныптан 277 оқушы, аз қамтылған отбасы балаларынан 10 оқушы ыстық тамақпен қамтылған». Ж.Отарин атқарылған іс-шараларды нақтылап айта келе, алдағы жоспарлары мен де бөлісті.

2.Қамқоршылық кеңестің төрағасы Байболов Рахимбек Адирбекович Әдістемелік жұмыстың «Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық технологияларының ерекшеліктерін үйрене отырып, мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтерілуі» жайында сөз қозғады.

ҚАУЛЫ:


1.1.Мектеп директоры Ж.Отариннің 2023-2024 оқу жылының жарты жылдығына жасаған есебі қанағаттанарлық деп табылсын.

2.2. «Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық технологияларының ерекшеліктерін үйрене отырып, мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеру» жандандырылсын.

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

/қолы қойылған/

Төраға :
Мүшелері:

 Байболов Рахимбек Адирбекович
 Тулепбергенов Сейтжан Тайжанович
 Арынова Айжан Ермекбаевна
 Одаманов Қазыбек Жомартханұлы
 Курбанов Жанасбек Тагаевич
 Умирбеков Ербол Абилхайрович
 Селтанов Ералы Сапарович
 Конкаков Абилхан Камбарович
 Тайманов Марат Ережепович

Хатшы:



Удаманов Уалихан Бердиханович

ХАТТАМА

Қамқоршылық кеңес жиналысының хаттамасы №5 «№13 Т. Бигелдинов атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

18. 01. 2024 ж.

Ораз ата ауылы

Кеңеске қатысқандар:

Төрағасы: Байболов Рахимбек Адирбекович

Кеңес хатшысы: Удаманов Уалихан Бердиханович

Мектеп директоры: Ж.Отарин

Әлеуметтік педагог: А.Дүйсебекова.

ДТЖО: Е.Конкаков.

Кеңес мүшелері: 9 адам.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарындағы іс-шаралардың өтілу сапасы.
2. 3- тоқсандағы оқушылардың тәртібі, білім сапасы.
3. Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі
4. Қауіпсіз орта жағдайы

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы Р.Байболов жылдық жоспар бойынша өтілген іс-шаралардың сапасы мен өткізілу деңгейіне сараптама жасады. Баяндамашы Кеңес мүшелерінің бастамасымен оқушылардың ата-аналарымен «Әке-менің ардақтым» отырысы, «Әкемен бірге әдебиет» тақырыбында оқу байқауы және басқа да іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын тілге тиек етті. Ай сайын өтетін ата-аналарға арналған сабақтарға да кеңес мүшелері белсенділікпен қатысып, педагогтарға қолдау білдіріп жатқандығынан хабардар етті. Кеңес мүшелері Мектеп, бала, ата-ана үштігінің жұмысын әрдайым жандандырып отыратындығын айтты. Екінші мәселе бойынша ДОЖО У.Удаманов сөз алып үшінші тоқсандағы оқушылардың білім сапасы жайын баяндады. Тоқсан бойынша «үлгермеуші» оқушы жоқ екенін мәлімдеп, негізі пәндер бойынша оқушылардың білім сапасының диагностикасын көрсетті. Білім сапасын одан әрі көтеру үшін қосымша сабақтар өтілуі керектігін айтты. Мектеп оқушыларының аудан бойынша жарыстарға қатысуы «қанағаттанарлық» дәрежеде екенін баяндады. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.Дүйсебекова баяндама жасады. 1-4 сыныптардың, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларының ыстық тамақпен қамтылуы ойдағыдай «жақсы» деңгейде беріліп жатқандығын, оқушылар мен ата-аналар тарапынан шағым

болмағанын , асханада оқушы денсаулығына зиянды заттар сатылмайтындығын айтты. Асханадағы мамандардың оқушылармен мәмілесі «өте жақсы» деңгейде екендігін жеткізді.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша мектеп психологы А.Толыбаева сөз алды. Баяндамада А.Толыбаева балаға ата-ана үйде , мұғалім мектепте қауіпсіз орта құруы керек екендігін айтып,баланың барынша денсаулығының мықты болып, білім алуына жағдай жасаған ата-ана ұтатындығын өмірлік мысалдармен дәлелдеді.Жиналыс соңында қатысушылар әр тақырып бойынша өз көзқарастарын білдіріп, ойларын ортаға салды.

Қаулы:

- 1.Қамқоршылық кеңестің жұмысы жоспарлы жүйелі жүргізілсін.
- 2.Қамқоршылық кеңестің жұмысын одан әрі жандандыру, қайырымдылық жұмыстарын жүргізу алға қойылсын.
3. Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуы әрдайым бақылауда болсын.
4. Мектеп оқушыларының білім сапасының ілгерілуіне мұғалімдер тарапынан қосымша сабақтар ұйымдастырылсын.

Төраға :

Байболов Рахимбек Адирбекович

Мүшелері:

Тулепбергенов Сейтжан Тайжанович

Арынова Айжан Ермекбаевна

Одаманов Қазыбек Жомартханұлы

Курбанов Жанасбек Тагаевич

Умирбеков Ербол Абилхайырович

Селтанов Ералы Сапарович

Конкаков Абилхан Камбарович

Тайманов Марат Ережепович

Хатшы:

У.Удаманов

ХАТТАМА

Қамқоршылық кеңес жиналысының хаттамасы №6

«№13 Т. Бигелдинов атындағы жалпы білім беретін мектебі»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

18. 03. 2024 ж.

Ораз ата ауылы

Кеңеске қатысқандар:

Төрағасы: Байболов Рахимбек Адирбекович

Кеңес хатшысы: Удаманов Уалихан Бердиханович

Мектеп директоры: Ж.Отарин

Әлеуметтік педагог: А.Дүйсебекова.

ДТЖО: Е.Конкаков.

Кеңес мүшелері: 9 адам.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Көктемгі іс-шаралар өткізу және оқушылардың демалысын өткізу туралы.
2. Мектеп асханасындағы ас мәзіріндегі тамақтандыруды ұйымдастыру туралы, «Мектепке жол» қайымдылық акциясы.
3. Наурыз айындағы онкүндік мейрамға арналған іс-шараларға қатысу.

Тындалды:

Жиналысты кеңес төрағасы Р.Байболов ашып беріп, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие орынбасары Е. Конкаков сөз алды. Көктемгі іс-шаралар өткізу және оқушылардың демалысын өткізу туралы кеңес мүшелеріне демалыс уақытындағы балалардың қауіпсіздігі және өткізілетін іс-шаралармен таныстырып өтті. Көктемгі демалыс уақытында ұйымдастырылатын түнгі рейдке шығу кестесімен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы А.Дүйсебекова сөз алып, мектеп асханасындағы 1-4 оқушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі, аз қамтылған отбасы балаларының тамақпен қамтамасыз етілуі жайлы айтып, ас мәзірі белгіленген рационға сәйкес беріліп жатқандығын, аспаздар жұмысы тиянақты, асхана ұқыпты, ыдыстар таза екендігін тілге тиек етті. Демеушілер тарапынан 17 балаға 7 000/жеті мың/ теңгеден, әлеуметтік мәртебесі-аз қамтылған ата-анасы ажырасқан 2/ екі/ балаға; аз қамтылған жартылай жетім 4/төрт/ балаға; көпбалалы отбасынан 8/ сегіз/ балаға; ата-анасы мүгедек 2/екі/ балаға, аз қамтылған отбасынан 1/бір/ балаға көмек көрсетілгендігін айтты.

№	Оқушының аты жөні	сыныбы	Әлеуметтік мәртебесі	Көрсетілген көмек	Аяқ киім	Көмек кімнен көрсетілді
1	Махмудоглы Рамазан	1а	Аз қамтылған а.ж	7 мың	+	Демеуші тарапынан

2	Уайда Бақлаулет	4в	Аз қамтылған ж.ж	7 мың	+	Демеуші тарапынан
3	Темір Ерасыл	2а	Аз қамтылған ж.ж	7 мың	+	Демеуші тарапынан
4	Есен Олжас	2б	Көпбалалы отб	7 мың	+	Демеуші тарапынан
5	Сейдуалы Асылжан	3а	Көпбалалы отб	7 мың	+	Демеуші тарапынан
6	Пернехан Мирас	4в	Көпбалалы отб	7 мың	+	Демеуші тарапынан
7	Қожахмет Нұрмұхамет	3а	Ата анасы мүгедек отбасы	7 мың	+	Демеуші тарапынан
8	Шайхидин Бейбарыс	3 б	Көпбалалы отб	7 мың	+	Демеуші тарапынан
9	Джуманали Мейірхан	2ә	Аз қамтылған	7 мың	+	Демеуші тарапынан
10	Бердібек Асылбек	3а	Ата анасы мүгедек отбасы	7 мың	+	Демеуші тарапынан
11	Бахыт Асылхан	2ә	Аз қамтылған а.ж	7 мың	+	Демеуші тарапынан
12	Тешөбай Ерсултан	1 б	Көпбалалы отб	7 мың	+	Демеуші тарапынан
13	Тешөбай Ұлан	4а	Көпбалалы отб	7 мың	+	Демеуші тарапынан
14	Ешім Нүркен	5а	Көпбалалы отб	7 мың	+	Демеуші тарапынан
15	Ешім Нұрислам	5а	Көпбалалы отб	7 мың	+	Демеуші тарапынан
16	Ағайдар Нұрболат	3 б	Аз қамтылған ж.ж	7 мың	+	Демеуші тарапынан
17	Қадырбай Медет	5ә	Аз қамтылған ж.ж	7 мың	+	Демеуші тарапынан

Үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Ж.Құрбанов «Наурыз» мейрамына байланысты өткізілетін онкүндік мерекелік іс-шарасына белсенділікпен қатысуға шақырды. Көктемгі демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін көзден таса қылмауды, ата-аналармен етене байланыста болуды үндеді. Жарыссөзге мектеп директоры Ж.Отарин шығып, күн тәртібінде айтылған мәселелерді толықтырып, бала болашағы үшін мектеп пен ата-ананың арасындағы байланысты күшейтуді тоқтатпауды ескертті.

Қаулы:

- 1.Көктемгі демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін бақылау ата-аналарға тапсырылсын.
- 2.Мектеп асханасындағы ас мәзірінің дайындалуы үнемі қадағалауда болсын.
3. Кезекті жалпы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылсын.

Төраға :
Мүшелері:

Хатшы:

Байболов Рахимбек Адирбекович
Тулепбергенов Сейтжан Тайжанович
Арынова Айжан Ермекбаевна
Одаманов Қазыбек Жомартханұлы
Курбанов Жанасбек Тагаевич
Умирбеков Ербол Абилхайырович
Селтанов Ералы Сапарович
Конкаков Абилхан Камбарович
Тайманов Марат Ережепович
Удаманов Уалихан Бердиханович